

«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Дуйсебекова Жайнагул Муратқызының «Ауызшы тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензент, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., филология ғылымдарының кандидаты Сарышова Күлдірсін Сейтжанқызының

ПІКІРІ

1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі кезде білім беру саласында бірқатар өзгерістер орын алып, ұрпақтың зияткерлік әлеуетін арттыруда, олардың бәсекеге қабілетті маман болып шығуына қатысты маңызды істер атқарылуда. Аталған мақсатқа сай, білім беру саласын дамыту негізінде еліміздің болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өркендеуінің мықты тұғырнамасын жасау мәселесі алға қойылып отыр. Қазақ елінің мықты тұғыры өзінің ана тілі мен ділінің тамырынан бастау алатыны сөзсіз. Сондықтан қазақ тілінің мәселесі мен оны оқыту бірінші кезекте болмақ. Тілдің дамуы қоғамның дамуымен және сол тілді жасаушы, қолданушы халықтың дамуымен тығыз байланыстылығы оның қызметінен айқын көрініс табады. Осы орайда, өскелең ұрпақтың сөз мәдениетін қалыптастыру арқылы рухани өрісі кең, тілдік қатынасты еркін меңгерген бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, Ж.Дуйсебекованың «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы тіл білімі және педагогика ғылымдарындағы өзекті мәселені зерттеуімен, идеяларының сонылығымен, танымдық және әдістемелік мәнінің жоғарылығымен, ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы сөз мәдениетін қалыптастырудағы өзіндік жаңашылдығымен ерекшеленеді.

Сондай-ақ, Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Бәсекелік қабілет», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Сананың ашықтығы», «Таяу жылдардағы міндеттер» деп аталатын бөлімдерінде болашақ кәсіби маманның бойында болу керек қасиеттері жан-жақты талданған. Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесін жасауда диссертанттың осы бағыттарды басшылыққа алғаны байқалады.

Сонымен қатар Ж.М.Дуйсебекованың ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы студенттердің ауызша сөз мәдениетін

қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасауда ұсынған теориялық тұжырымдары, оны әдістемемен байланыстыруда ұстанған жалпы және арнайы оқыту ұстанымдары, соған сәйкес таңдалған жаңаша әдіс-тәсілдерді ұсынуы мен оны эксперимент жүзінде дәлелдеуі зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды.

Ізденушінің зерттеу жұмысы ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған, Тілдерді дамыту мен қолданудың 2016-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған мәселелерді де толығымен қамтиды.

2.Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағында және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші Ж.М.Дуйсебекованың диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелері «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 9-10-тармағына сәйкес диссертацияларға қойылатын талаптар деңгейінде жазылған. Кез келген әдеби тілдің бастауында ауызша тіл тұратыны белгілі. Осы мәселе тұрғысынан ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын анықтауды тіл білімінің өзекті мәселесі етіп қарастырған ізденуші түрлі жағдаяттағы ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын анықтау арқылы жоғары білім беруде болашақ педагог, филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік негіздерін жасау және оны тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізіп, тиімділігін дәлелдеуді мақсат еткен.

Диссертацияның мазмұнын кіріспе, екі тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі құрайды. Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны, тілі, тиісті әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Зерттеу барысында ізденуші бірқатар ғылыми тұжырымдар жасап, бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. «Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші тарау тіл – сөз – сөйлеу арақатынасы мен зерттелу тарихына, ауызша тіл мен жазба тілдің өзіндік ерекшеліктеріне, қазақ ауызша тілі мәселелерінің қарастырылуы және оны зерттеу мен оқытудың маңызына, ауызша сөз мәдениеті, педагогикалық дискурс мәселелеріне, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасын жасауға, ауызша сөз мәдениетін жаңаша оқытудың дидактикалық ұстанымдарын айқындауға арналған.

А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, М.Серғалиев, Н.Уәли, Б.Шалабай бастаған бір топ қазақ ғалымдары сөздің дұрыстығы, дәлдігі, логикалылығы, байлығы, тазалығы, мәнерлілігі, қысқалығы мен нұсқалығы секілді сапаларын негіздеп көрсеткен. Алайда сөздің аталған сапаларын сипаттауда көбінесе жазба тілдегі мысалдар алынғанын тілге тиек етіп, ізденуші өз кезегінде сөздің қатысымдық сапаларының ауызша тілдегі көрінісін нақты

мысалдармен дәлелдей алған. Ол ойын қорытындылай келіп, мынадай тұжырымдар жасаған:

- Тіл – ортақ, сөз бен сөйлеу жекелік сипатқа ие. Сөз тілге қарағанда өзгермелі. Тіл де өзгеріске ұшырайды, тек оның өзгеруі әлеуметтік және қоғамдық қажеттіліктерге байланысты болып отыратыны дәлелденген;

- Ауызша тіл мен жазба тілдің аражігін ажырату оңайға соқпайды. Дегенмен ауызша тіл мен жазба тіл тек өмір сүру формаларымен ғана емес, коммуникация барысында қолданылатын тілдік амалдары, құралдарымен де дараланады. Сонымен қатар олар қолданыстағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық белгілерімен де ерекшеленеді деп түйіндеген;

- Ауызша тілді ауызекі сөйлеу тілі, бейтарап сөйлеу тілі және ауызша әдеби тіл деп топтастырып, оны мысалдармен дәлелдеген;

- Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамытудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасын жасау олардың (филолог-студенттердің) танымдық ерекшеліктеріне, әлеуметтік ортаға бейімделуіне негізделеді дей келіп, эксперименттік жұмыстар нәтижесінде тіл тұтынушыларын сөз мәдениеті тұрғысынан элитарлы, орта, ортадан төмен және төмен деңгейлерге бөлген.

Зерттеу жұмысының «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі» деп аталатын екінші тарауы жоғары білім беру жүйесінде ауызша сөз мәдениетін оқыту жайына шолу жасауға, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құруға, ауызша сөз мәдениетін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін ұсынуға және білім алушылардың ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесінің эксперименттік жүйесінің нәтижелерін талдауға арналған.

Ізденуші осы аталғандарды негізге ала отырып, төмендегідей тұжырымдар жасаған:

- Ауызша сөз мәдениеті басқа да көптеген тіл білімі салаларының нысаны бола алатындықтан ауызша сөз мәдениетін дамыту кешенді жүргізілетін үдеріс екені дәлелденген;

- Еңбек нарығында бәсекелестікке қабілетті тұлғаның бір сипаты дұрыс сөйлеу, ойын еркін де сауатты жеткізе алу болғандықтан оқу бағдарламаларында ауызша сөз мәдениетін қалыптастыратын пәндер міндеттілердің қатарынан табылуы қажеттігін көрсеткен;

- Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру мен дамыту белгілі бір құрылымдық-мазмұндық модельге сүйенетіндігі және ол модельдің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру концепциясының негізінде жасалатындығы анықталған;

- Ауызша сөз мәдениетін оқытуда түрлі әдістер мен технологияларға жүгінуге болатындығы: үлгісөздердің негізінде оқыту, постер арқылы оқыту, мәтін арқылы дамыту, пікірталас, әңгімелесу мен кешенді жаттығу жұмыстары, АКТ және медиатеchnологиялардың мүмкіндіктерін қолданудың

ауызша сөз мәдениетін оқытуда берер пайдасы мол екендігі нақты мысалдармен дәлелденген;

- Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың эксперименттік оқыту тәжірибесінің нәтижелері бастапқы назар аударуға тиісті мәселелерді анықтап, ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігі тұжырымдалған.

Дисертанттың жоғарыда келтірген тұжырымдарын ғылымға қосқан өзіндік үлесі деп бағалауға болады. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттері айқын, теориясы нық, әдіснамалық негізі дұрыс таңдалған. Пайдаланылған зерттеу әдістері нақты әрі дәйекті нәтиже алуға себепші болған. Ізденуші жұмысының ғылыми нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар деңгейінде орындалған.

3.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Ж.М.Дуйсебекованың «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысының әр тарауында ізденуші тарапынан дәлелденген деректер негізінде шыққан нәтижелері, қорытындылары ғылыми деңгейде түсіндірілген және дәйекті түрде дәлелдене ұсынылған. Әр тарау соңында негізгі ойларын қорытындылап, тұжырымдар жасап отырған. Тұжырымдардың барлығы осы тақырыпта қалам тартқан ғалымдардың ғылыми еңбектерін басшылыққа ала отырып, теориялық, әдістемелік, дидактикалық материалдарға, педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, талдау нәтижесінде жасалған.

Бірінші ғылыми нәтиже. Зерттеу барысында «тіл», «сөз», «сөйлеу» арасындағы ұғымдық ерекшеліктер мен ұқсастықтар ажыратылып, лингвистикада алғаш рет тіл мен сөзді ортақ құбылыс – сөйлеу әрекетінің екі жағы деп есептеген Фердинанд де Соссюр мен тілді дайын өнім және сөйлеу әрекеті ретінде бөліп көрсеткен Вильгельм фон Гумбольдттың зерттеулері, қазақ тіл білімінде «сөзге» ерекше тоқталып, оның мағыналарын дәл ашқан академик Р.Сыздықтың пікірлері басшылыққа алынып, ауызша сөз мәдениетінің тілбілімдік негіздері (тіл, сөз, сөйлеу арақатынасы, ауызша тілдің ерекшеліктері мен ауызша тілдің негізгі түрлері, сөздің қатысымдық сапалары) айқындалған;

Екінші ғылыми нәтиже: «сөздің» мәдениет тұрғысынан жеке адам және бүкіл қоғамның өміріндегі орнына, ауызша тілдің нормалық, қатысымдық аспектілерін қарастыруға, сөз мәдениетінің басқа тіл білімі салаларымен байланысын айқын бағамдауға мүмкіндік беретін Н.Уәли, М.Балақаев, М.Серғалиев, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Әмір, С.Исаев, Ғ.Қалиев-сынды ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектеріне, ауызша тілдің теориялық базасын қалыптастырып қана қоймай, оны қазіргі кездегі тіл білімінің маңызды салаларымен байланыстыра қарастырған З.Ахметжанова, З.Ерназарова, З.Өмірзақова, Ф.Оразбаева, Қ.Күдерінова, Т.Аяпова, З.Ерназарова, О.Жұбаева және А.Алдашеваның зерттеулеріне

сүйене келіп, ауызша сөз мәдениеті мен педагогикалық дискурстың өзекті мәселелері анықталған;

Үшінші ғылыми нәтиже: Ауызша сөз мәдениетін дамытуда, филолог-студенттің тілдік құзыреттілігін жетілдіруде когнитивтілік, яғни сырттан қабылданған ақпаратты қабылдап, оны қорыта алу қабілетінің үлкен рөл атқаратынын ескеріп, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасы танытылған;

Төртінші ғылыми нәтиже: Ауызша сөз мәдениеті жеке пән ретінде оқытылмағанымен, оның нысанына жататын кейбір мәселелер Тіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы, Прагмалингвистика, Функционалды грамматика, Шешендік өнер, Әлеуметтік лингвистика, Лингвоэкология, Тілдік қатынас негіздері, Когнитивтік лингвистика, Этнолингвистика, Лингвомәдениеттану пәндерінің аясында оқытылатыны, ал Қазақ тілінің стилистикасы мен Сөз мәдениеті пәндерінің ауызша сөз мәдениетіне мазмұны жақын пәндер болып саналатыны ескеріліп, сөз мәдениеті мен оған жақын пәндердің оқытылу жайы және оқыту барысында қолданылатын оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны талданған;

Бесінші ғылыми нәтиже: Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамасы негізінде тіл – сөз – сөйлеу арақатынасын жете түсінетін, ауызша тілдің ұғымдық аппаратын білетін, ауызша тіл мен жазба тілдің қолданыстағы ерекшеліктерін ажырата алатын, ауызша тіл сатыларын толық меңгерген, ауызша сөз мәдениетінің қалыптасу мен даму кезеңдерінен өткен, ауызша сөз үлгісіне талдау жүргізетін, ауызша сөз мәдениетінің нормалық және жүйетүзушілік, этикалық аспектілерін сезінетін, сөздің қатысымдық сапаларын орынды қолданатын, тілдік сезімі дамыған, педагогикалық дискурста қатысушы ретінде өз рөлін айқындаған, ауызша сөз мәдениеті қалыптасқан филолог-студенттің моделі және ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оқытудың жаңаша әдістері мен жаңа оқыту құралдары сараланған;

Алтыншы ғылыми нәтиже: Мазмұндық-құрылымдық моделді жүзеге асыру үшін оқу үдерісіне «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты таңдау пәні енгізіліп, оның әдістемелік жүйесі мен бағдарламасы түзіліп, тиімділігі тәжірибеде дәйектелген.

4.Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңалық нәтижесі мынадай:

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа; ауызша сөз мәдениетінің тілбілімдік негіздері (тіл, сөз, сөйлеу арақатынасы, ауызша тілдің ерекшеліктері мен ауызша тілдің негізгі түрлері, сөздің қатысымдық сапалары) айқындалды;

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа; ауызша сөз мәдениеті мен педагогикалық дискурстың өзекті мәселелері анықталды;

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа; филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасы жасалды;

Төртінші ғылыми нәтиже – жаңа; сөз мәдениеті мен оған жақын пәндердің оқытылу жайы және оқыту барысында қолданылатын оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны талданды;

Бесінші ғылыми нәтиже – жаңа; ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамасының негізінде «ауызша сөз мәдениеті қалыптасқан филолог-студенттің моделі» және ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы «сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі» жасалып, оқытудың жаңаша әдістері мен жаңа оқыту құралдары сараланды;

Алтыншы ғылыми нәтиже – жаңа; оқу үдерісіне «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты элективті курс енгізіліп, оның әдістемелік жүйесі мен бағдарламасы түзіліп, тиімділігі тәжірибеде дәйектелді. «Сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс» атты оқу-әдістемелік құрал жарыққа шықты.

Сонымен, ізденушінің диссертациялық жұмыста тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық жауап береді.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу нәтижесінде жасалған қорытындылар мен тұжырымдар өзара байланыста, бір мақсатқа жұмылдыра дәйектелген. Әр тараудағы, бөлімдердегі тұжырымдар бірін-бірі толықтырып, нәтижесінде ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесін қалыптастыру мәселесі теориялық және әдістемелік жағынан тиянақталған.

Диссертациялық жұмыстың өн бойында әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды, түйін өзара тығыз байланысты бола тұрып, бірінен-бірі өрбіп, туындап отырады. Сол себепті жұмыстың әр тарауы мен бөлімдерінде сатылы түйінделген ойлар бір-бірімен сабақтасып жатыр.

Зерттеу тұжырымдары стильдік әрі логикалық құрылымға негізделген, қорытындылар нақты, теориялық және практикалық жағынан өте маңызды.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

Ж.М.Дуйсебекованың диссертациялық жұмысы ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесін қарастырып, оны оқытудың ұстанымдарын қалыптастыруда ғылыми негіздерін зерделеуді, әдістемесін жасауды көздейді. Студенттердің ауызша тілдің жүйесін меңгерту арқылы сөз мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы білім деңгейін тереңдетіп, пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тақырып қазақ тілін

жаңа бағытта, яғни ауызша тілдің парадигмаларын зерттеуге негіз бола алады, жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға серпін береді.

Зерттеу қорытындыларының жоғары оқу орындарында қазақ тіл білімінің жаңа бағыттарын, яғни прагмалингвистика, функционалды грамматика, шешендік өнер және педагогтың сөйлеу мәдениеті, мәтін лингвистикасы мен дискурс, әлеуметтік лингвистика, лингвоэкология, тілдік қатынас негіздері, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану сияқты пәндерді оқытуда, жастардың ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда, ойын мәдениетті, шешен жеткізе алуда қосатын үлесі зор. Әсіресе, «ауызша сөз мәдениеті қалыптасқан филолог-студенттің моделін» жүзеге асыру үшін зерттеуші тарапынан ұсынылып отырған «Ауызша сөз мәдениетіңізді көтергіңіз келеді ме?» атты практикалық жұмыстар мен жаттығулар жинағы мен «Орысша-қазақша тілұстар» түрлі әлеуметтік топтардың ауызша сөйлеу мәдениетін жетілдіруде, тіл тазалығын, дәлдігін сақтауда, ойын қысқа да нұсқа әрі түсінікті жеткізе алуда үлкен рөл атқаратынын баса айтқымыз келеді.

Сонымен қатар «сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін» жүзеге асыру үшін 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім алушыларына арналған «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» элективті курсы негізінде жазылған «Сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс» атты оқу-әдістемелік құралын ЖОО оқытушылары мен колледж, лицей, мектеп мұғалімдері өз сабақтарында пайдалана алады.

7.Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны, тұжырымдары мен нәтижелері бойынша барлығы 27 мақала жарияланған. Оның ішінде Scopus мәліметтер базасына кіретін ғылыми басылымдардағы жарияланымдар саны – 2, ҚР Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы мақалалары – 6, халықаралық және алыс шетелдердегі конференция жинақтарында, басқа да ғылыми журналдарда жарияланған басылымдарда 19 мақала, 1 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құрал және 1 практикалық тапсырмалар мен жаттығулар жинағы жарық көрген. Жарияланымдар диссертацияның тақырыбы аясында жазылған.

8.Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Ж.М.Дүйсебекованың зерттеу жұмысының нәтижесінде ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі мәселесі теориялық және әдістемелік жағынан тиянақты дәйектелгендігін, сызбалар мен диаграммалардың мазмұндық жағынан да, эстетикалық жағынан да шебер орындалғанын атай отырып, кейбір сөздердің дұрыс жазылмағанын айтып өткіміз келеді. Мысалы, технологиялардықолданудың мағызы (12-б.), тілдіңүндесімі, үйлесімісақталған (34-б.), жәнебейтарап, бөгеттермынадай (58-59-б.), Д.Кристалкомпьютерлік, қатысушыдеп (70-б.) бірге жазылып кетсе,

эвфемизм термині эфвемизм күйінде қате басылыпты. Бұндай қателерді көрсету ізденуші жұмысының сапасын төмендету мақсатында емес, мінсіз жазылған жұмыста қателер болмаса екен деген ниетпен айтылды. Дегенмен бұл олқылықтар докторлық диссертацияның мазмұны мен ғылыми деңгейіне нұқсан келтірмейді, сондықтан да диссертациялық жұмыс ғылым талаптарына сай орындалған деп бағалаймыз.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Дуйсебекова Жайнагүл Муратқызының 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2-бөлімі талаптарына сәйкес жазылған, ғылыми-теориялық және практикалық маңызы айқындалған, қорғауға ұсынатын тұжырымдарының дәйектілігі нақтыланған, жарияланған басылымдары ғылыми жұмыстың мазмұнын ашқан, өзіндік жаңалығы бар жұмыс болып есептеледі.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сай орындалған, ғылыми еңбектің авторы Дуйсебекова Жайнагүл Муратқызына философия докторы (PhD) дәрежесін беруге әбден болады деп есептейміз.

Ресми рецензент:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры м.а. филология ғылымдарының кандидаты



Handwritten signature

Handwritten initials



Сарышова К.С.